

Депортация, көші-қон үдерістерінің Шығыс Қазақстанның этнодемографиялық құрамына ықпалы (1930-1950 жж.)

Танакоз У. Джакипова, Майра С. Ибраимова

Семей Медицина университеті, (Семей, Қазақстан)

Шәкәрім университеті, (Семей, Қазақстан)

E-mail: tdzhakipova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада 1930–1945 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан өңірінде орын алған этнодемографиялық процестер жан-жақты қарастырылады. Кеңестік тоталитарлық жүйенің қатаң әлеуметтік-саяси реформалары, ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс жылдарындағы көшіп-қону қозғалыстары өңірдің этникалық құрамына, халық санына және оның әлеуметтік құрылымына елеулі өзгерістер енгізді. Аталған кезеңде өзге ұлт өкілдерінің (мысалы, корей, неміс, шешен, ингуш, поляк және басқа да этностардың) мәжбүрлі депортация арқылы Шығыс Қазақстанға қоныстандырылуы, жергілікті қазақ халқының демографиялық ахуалына кері әсерін тигізді. Сонымен қатар, индустрияландыру мен соғысқа байланысты ішкі көші-қон қозғалыстары аймақтың этникалық картасын қайта қалыптастырды. Мақалада архивтік деректер мен ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, осы этнодемографиялық өзгерістердің себептері мен салдары, сондай-ақ олардың аймақтық ерекшеліктері талданады. Зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстандағы этносаралық қатынастар мен демографиялық үдерістердің тарихи негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар А.Н. Алексеенконың, Т. Омарбековтың, М. Қозыбаев сияқты демограф ғалымдардың еңбектерінен де зерттеулер келтірілді. Қоныс аударылған халықтар мен ұлт өкілдерінің құрамы талданып талқыланды. 1940-1950 жылдар ғылыми түрде қатаң бағалауды, оң және теріс жақтарын қатар қарастыруды қажет ететін қазіргі замандағы Қазақстан тарихындағы күрделі және қайшылыққа толы кезең болып табылады. Тақырыптың аз зерттелгендігі, күрделілігі және маңыздылығы әсіресе Шығыс Қазақстан өңірі үшін қажетті жағдай болмақ.

Кілт сөздер: саясат; ұйым; ұлт; шекара; халық; облыс; этнос; депортация; эвакуация; көші-қон.

Кіріспе

Қаралып отырған кезең тарихы ХХ ғасырдың басындағы аса күрделі кезеңдердің бірі болды. Әсіресе осы кезеңдегі депортациялау тарихы Отандық тарихшылар тарапынан біршама зерттелуде. Бұрынғы тоталитарлық мемлекет тарихының ашылмаған жаңа беттерін ашып зерттеу бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі болып қала бермек. Тоталитарлық жүйе миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жаңа арнаға бет бұрғызды. Бұл кезеңнің ауыр зұлмат тарихын екі бөлікке бөліп көрсетуімізге болады: бірі зиялы қауым өкілдерін қуғындап, жерден-елден алыстатса, екінші бөлігін депортация тарихымен байланыстырып қарауымызға болады. Осы екі ауыр тарих қойнауына Қазақстанда енген еді. Осындай аласапыран заманда демографиялық ахуалды өзге елден келген қоныстанушылар толықтырып отырды. Қазақстан егемен ел

ретінде танылғаннан бастап тарих ғылымда ірі өзгерістер болып жатыр. Демографиялық жағдайларға байланысты мұрағаттарда кұпия ұсталған көптеген құжаттар жарыққа шығып, қазіргі таңда зерттеліп, өзекті тақырыптардың біріне айналып отырғаны белгілі. Соның аясында мақалада еліміздің Шығыс бөлігіндегі этнодемографиялық мәселе барысына зерттеу жүргізілді.

1930–1945 жылдар аралығы – Қазақстан тарихында аса ауыр кезең ретінде сипатталады. Бұл кезеңде Кеңес өкіметінің ұжымдастыру, ашаршылық, жаппай саяси қуғын-сүргін және Екінші дүниежүзілік соғыс тәрізді ауыр саяси-экономикалық үдерістері жүзеге асырылды. Бұл оқиғалар республиканың барлық өңірлеріне, соның ішінде Шығыс Қазақстанға да зор ықпал етті. Аталған уақыт аралығында өңірдің демографиялық жағдайы түбегейлі өзгеріп, халық саны мен этникалық құрамында күрделі трансформациялар орын алды.

Шығыс Қазақстанға жаппай күштеп қоныс аударылған этностар – корейлер, немістер, шешендер, ингуштар, қалмақтар, күрдтер және тағы басқа халықтар өңірдің этнодемографиялық құрылымын өзгертті. Сонымен қатар, жергілікті қазақ халқы ашаршылық пен қуғын-сүргіннің салдарынан ауыр демографиялық күйзеліске ұшырады. Бұл үдерістердің барлығы өңірлік деңгейде тарихи әділетсіздіктердің, әлеуметтік шиеленістердің және этникалық қатынастардың жаңа сипат алуына алып келді.

Зерттеудің өзектілігі – аталған тарихи кезеңдегі демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын анықтап, олардың Шығыс Қазақстан аймағындағы этникалық, әлеуметтік құрылымға ықпалын ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігінен туындайды. Бұл зерттеу қазіргі кезеңдегі этносаралық қатынастарды түсіну үшін тарихи негіз қалайды.

XX ғасырдың 30-жылдың ортасында Кеңестер Одағы сыртқы саясатында екі бірдей майданның ортасында қалды. Оның бірі – милитаристік Жапония болса, екіншісі – Германия болатын. Агрессияшыл гитлерлік үкімет Польша арқылы КСРО-ны басып алуды көздеді.

Адамдардың өміріндегі демографиялық құбылыстар мен оқиғалардың ажырамас координаттары жас пен жыныс болып табылады.

Жасы мен жынысын есепке алмай, адамдардың отбасы жағдайындағы өзгерістерді де, отбасылардың құрылуы мен құрылымын да, туу мен өлу процестерін де, адамдардың бір күйден екінші күйге өтуін де талдау мүмкін емес, демографияда халықтың жас-жыныстық құрылымын және оның зерттелетін барлық процестерге әсерін зерттеуге ерекше мән беріледі.

Демографиялық ғылымның практикалық міндеттері:

- демографиялық үдерістердің үрдістерін зерделеу (бала туу, өлім-жітім, некелесу, ажырасу, көші-қон);
- демографиялық дамуға әсер ететін факторларды зерттеу; перспективада;
- демографиялық болжамдарды әзірлеу;
- демографиялық саясаттың тиімді шараларын әзірлеу.

Демографиялық даму факторларының рөлін зерттеуге өркениеттің алғашқы кезеңдерінде назар аударылды. Ежелгі әлем ойшылдарын ресурстар мен халық арасындағы оңтайлы арақатынас идеясы қызықтырды.

Платон және Аристотель сияқты ежелгі әлемнің көрнекті философтары халық туралы өз сөздерінде халықтың өсуі мен қозғалысын реттеу жөніндегі міндеттерді мемлекетке жүктей отырып, оның санын шектеу проблемасына үлкен назар аударды. Халық тығыздығының және оның санындағы өзгерістердің қоғам өміріне әсерін түсінуге ұмтылу Шығыстағы қоғамдық ойға б.з.д. VI-III ғасырлар тән болатын. Мысалы, ежелгі Қытайда Конфуций халық саны мен жер алаңы арасындағы «мінсіз пропорцияны» бұзу белгілі бір қиындықтарға әкеледі деп есептей отырып, «халық оптимумы» идеясын дамытқан. Ол тұрғындарды халық тығыз орналасқан жерлерден халық аз қоныстанған жерлерге көшіруді халықтың саны мен орналасуын мақсатты реттеу саласындағы тиімді мемлекеттік шара деп санады. Феодалдық орта ғасыр дәуірінде демографиялық ой одан әрі дамыды. Кеш феодализм идеологтары халық өсуінің қоғам үшін қолайсыз салдары туралы қорытындыға келді.

Қиыр Шығыс Кеңестер Одағына Германиядан бұрын әскери қауіп төндірді. Олар мақсаты кеңес үкіметінің Қиыр Шығыстағы жерлер мен Сібірдің бөлігін басып алу еді. 1934 жылдан бастап Кеңестер Одағына Жапонияның барлау ұйымдары жұмысы үш есеге өсті. Қиыр Шығыста және Сібірде заңды барлау жұмысы үшін жеті консулдық жұмыс істеді. Халықаралық экономикалық келісім бойынша жапон жұмысшылар мен қызметкерлері Сахалинде, Владивостокта транспорт және балық шаруашылығы контторында қызмет жасады. 1936 жылы жапон барлаушыларының қандай ниет көздегендігі анықталған еді.

Қиыр Шығыстағы КСРО шекарасының маңына Квантун армиясы штабының бұйрығымен біруақытта барлау орталығы болған жапондардың әскери миссиясы ұйымдастырылды. Басшылары Харбинде орналасып, Муданцзян, Хунчун, Минанда 13 резидентурасы болған.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңында Қазақстанға күштеп жер аударылған ұлттар поляктар, немістер, корейлер, шешендер мен ингуштар болған. 1937 жылдың 5-6 қаңтарында Бүкілодақтық халық санағы өтті. Негізінде бұл санақ 1932 жылдың қыркүйегінен басталып, Москваның бірнеше аудандарында жүргізілген болатын. Алайда санақ 1935 жылға, одан кейін 1936 жылға қалдырылған еді. Бұл жайында ғалымдардың жазуынша санақ өткізу барысы бірнеше рет жоспарланған. Мәселен, А.Г. Волкованың пікірінше, санақ кеміне төрт рет кейінге қалдырылған. Сондағы 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша КСРО халқы 162 039 470 адам болған. Бұдан кейінгі болған 1939 жылғы санақта 170 557 093 адам деп келтіріледі [1, 113 б.].

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде 1930–1945 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан өңірінде орын алған этнодемографиялық процестерді талдау үшін әртүрлі тарихи және статистикалық материалдар пайдаланылды. Негізгі дереккөз ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві мен Шығыс Қазақстан облыстық архивінің қорларындағы құжаттар, 1937 және 1939 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағының нәтижелері, ішкі істер және көші-қон органдарының

мәліметтері, сондай-ақ сол кезеңге қатысты кеңестік үкіметтің қаулылары мен нұсқаулықтары қолданылды.

Зерттеуде мынадай әдістер қолданылды:

Тарихи-хронологиялық әдіс – этнодемографиялық процестерді уақыттық ретпен жүйелі түрде талдауға мүмкіндік берді;

Салыстырмалы- тарихи әдіс – әртүрлі этностардың қоныстану ерекшеліктерін, көші-қон динамикасын және демографиялық көрсеткіштерді салыстыра отырып саралауға негіз болды;

Құжаттық әдіс – архивтік деректер мен ресми құжаттар арқылы этностардың нақты қоныстану аумағын, саны мен әлеуметтік жағдайын анықтауға көмектесті;

Сандық-статистикалық әдіс – халық санағы мәліметтері мен көші-қон көрсеткіштерін жүйелеп, сандық жағынан талдауға қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеуде отандық және шетелдік тарихшылардың еңбектеріне, демографиялық анықтамаларға, этносаралық қатынастарға қатысты ғылыми зерттеулерге сүйенілді. Мақалада тарихи оқиғалар мен этнодемографиялық көрсеткіштер кешенді түрде қарастырылып, ғылыми негізде қорытындыланды.

«Материалы к серии «Народы Советского Союза» жинағынан алынған кестеге сүйенсек, КСРО-да 1937 жылы 156 948 597 адам, ал 1939 жылы 161 434 707 адам болды деген дерек келтіреді. Жинақтағы көрсетілгендей Қазақстан халқы 1937 жылы 4 929 254, ал 1939 жылы 5 217 085 адам болған екен [2, 681 б.].

Жалпы қазақ жерінде 1939 жылғы бүкілодақтық санақ деректеріне сүйенсек, күштеп қоныстандырғанға дейін де бұл аталған ұлт өкілдері мекендеген екен. Санақ бойынша Қазақстан халқының ұлттық белгілері жағынан орналасуы әркелкі болған.

Қуғын-сүргіннен кейінгі жағдайға сүйенсек, 1939 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша қазақтардың саны – 116 087, орыстар – 369 796, украиндар – 27 253, татарлар – 5400, немістер – 4041 [1, 135 б.].

Талқылау

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанға жіберілген арнайы қоныстанушылар мәселесі Б. Жангуттин мен М. Қалыбекованың бірлесе жазған еңбектеріне арқау болды. Еңбек армиясы, колонна, батальон жұмысшыларын Қазақстанға әкелу, оларды көшіріліп әкелінген өндіріс орнына орналастыру барысы нақтыланады. Алайда еңбекте авторлар Шығыс өңіріне жіберілген қоныстанушылар туралы кешенді қарастырмайды [3].

Арнайы, күштеп қоныстанушылар, «Үлкен террор» бойынша қуғындалып Қазақстанға әкелінгендер мәселесі А. С. Жанбосынованың монографиясында келтіріледі. Автор қуғындалып Шығыс Қазақстан облысына әкелінген кейбір өзге ұлт өкілдерінің тағдырына да тоқталады. өтеді. Тәркілеу, ұжымдастыру тұсында істі болып, жер аударылған кейіннен облыста тұрақтап қалған этностар жөнінде мәліметтер де бар [4]. А.С. Жанбосынованың еңбектерінің арасында

Шығыс Қазақстандағы этностардың арасында тазартулар жүргізуге арналған зерттеуі де бар. Автор архив материалдары негізінде депортацияланған неміс этностарының қуғындалуы, сонымен бірге неміс армиясының тұтқындары тарихына қатысты белгісіз болып келген құжаттарды анықтап, олар еңбек армиясына тарту барысын нақтылайды. Шығыс Қазақстан территориясында орналасқан лагерлердегі немістердің түсті металл өндіру өнеркәсіп орындарына тартылуы мен ауруға ұшырап, өлім барысының көбейгендігі турасында дәлелді мәліметтер береді [5, 73-79 бб.].

Қазақстандағы поляк диаспорасының қалыптасу барысы Н.В. Степаненконың ғылыми зерттеуіне арқау болды. Ғалым XIX ғасырдың соңында қазақ даласына поляк ұлт өкілдерін келу себебін, этнос ретінде қалыптасуын нақтылайды. Кеңестік жүйе тұсында Қазақстан территориясына поляктардың күштеп көшірілуінің барысын аша отырып, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынасын, поляк диаспорасының республиканың әлеуметтік-мәдени, экономикалық және қоғамдық өміріне араласу мәселесін айғақтайды. Еңбекте Шығыс Қазақстан облысындағы жер аударылып келген поляктардың орналасуы мен олардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты маңызды мәліметтер бар [6].

Шығыс Қазақстанға неміс этностарын депортациялау, олардың қуғындалу барысы жайында шығарылған жинақта Б. Ж. Атантаева, Р.Д. Ахметова, Т.А. Камалджанова, А.С. Жанбосынованың ғылыми мақалаларында неміс этностары жан-жақты талқыланған. Аталмыш ғалымдар Б.Ж. Атантаева, Р.Д. Ахметова және Т.А. Камалджанованың ғылыми зерттеулерінде XIX ғасырдың аяғынан бастап Украина мен Повольжеден келген неміс этностарының Шығыс Қазақстан өңіріне қоныстануы мен орналасу барысы, Кеңестік жүйе тұсындағы неміс поселкелері мен селолары мен немістердің әлеуметтік, шаруашылық, мәдени өмір деңгейі туралы мәлімет береді [5].

Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихына А.М. Мамырбеков монографиялық еңбек арнап, XX ғасырда Шығыс Қазақстандағы неміс, поляк диаспораларының қалыптасуын, олардың әлеуметтік-демографиялық жағдайын, миграциялық қозғалысын, мәдени дамуын қарастырады. Депортацияланған халыққа жасалған кеңестік саясат салдарын ашып көрсетуге тырысады. Неміс пен поляк диаспораларының қалыптасу тарихын, қоныстану ерекшеліктерін, облыстағы неміс, поляк диаспорасының әлеуметтік-демографиялық дамуындағы өзгерістер барысын нақтылайды [7].

Біріншіден 1930–1933 жылдар аралығында жүргізілген күштеп ұжымдастыру саясаты Шығыс Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін күрт төмендетіп, жаппай ашаршылыққа әкелді. 1931–1933 жылдардағы аштық салдарынан өңірдегі қазақ халқының едәуір бөлігі қырылды немесе босқынға айналды. Кейбір аудандарда қазақтар жалпы халықтың 70–80%-ын құраса, ашаршылықтан кейін бұл көрсеткіш 30–40%-ға дейін кеміді. Бұл этнодемографиялық құрылымда тепе-теңдіктің бұзылуына алып келді. Екіншіден, 1937–1938 жылдардағы сталиндік репрессия кезінде өңір халқының едәуір бөлігі қуғын-сүргінге ұшырады. Қоғам қайраткерлері, мұғалімдер, дін өкілдері мен бай-құлақтар «халық жауы» ретінде жазаланды. Бұл жағдай қазақ халқының табиғи дамуын тежеп, әлеуметтік құрылымын өзгеріске ұшыратты.

Үшіншіден, 1937 жылдан бастап Шығыс Қазақстанға басқа республикалардан күштеп қоныс аударылған этностар келе бастады. Атап айтқанда: 1937 ж. – корейлер (Қиыр Шығыстан); 1939–1941 жж. – поляктар, немістер, финдер; 1943–1944 жж. – шешендер, ингуштар, қалмақтар, балқарлар. Ал төртіншіден, 1941–1945 жылдар аралығындағы соғысқа Шығыс Қазақстаннан он мыңдаған адам майданға аттанып, олардың біразы оралмады. Бұл жағдай өңірдегі ер-азаматтардың азаюына, соған байланысты әлеуметтік құрылымның бұзылуына әсер етті. Сонымен қатар, тылда еңбек етуге көшірілген өнеркәсіп орындары мен мамандар (басқа аймақтардан) өңірге уақытша қоныстанып, этностық құрамға ықпал етті. Бесіншіден, 1930–1945 жылдар аралығында Шығыс Қазақстанның этникалық картасы айтарлықтай өзгерді. Қазақ халқының үлесі азайып, орыс, украин, неміс, корей, шешен және басқа да этностардың үлесі артты. Бұл өзгеріс көші-қон процестері мен саяси-әлеуметтік факторлардың ықпалымен жүзеге асты.

А.Н. Алексеенконың зерттеуінде, 1939 жылы Шығыс Қазақстанда өзге ұлттардан жалпы саны 431 мың болып, оның 137 мыңын қазақтар құраса, 201 мыңын орыс, 42 мыңын украиндықтар, 15 мыңын немістер, 36 мыңын басқа ұлт өкілдері құраған екен [8, 22 б.].

Қазақстанға алғаш болып жер аударылған поляктар болды. Оларды өздері орналасқан территориядан ішкі аймақтарға көшіру мәселесі Польша мен Германия арасындағы 1934 жылы жасасқан өзара келісімнен кейін туындады. Оның себебі бар-тын. Өз жерінен күштеп көшірілген поляктар Украинаның шекара маңына орналастырылған еді. Жергілікті украиндықтар мен поляктардың арасында ішінара қақтығыстар мен түрлі жанжалдар да туындап отырды. Оның үстіне Кеңестік жүйеге қарсы шығушылардың қатары да көбейді. Кеңес үкіметі поляктарды шекара маңынан Қазақстанға көшіруге байланысты екі бірдей қаулы қабылдады. Оның бірі 1936 жылғы 23 қаңтарындағы «Украин КСР-нен Қазақ АКСР-на қоныс аудару» жөніндегі болса, ал екіншісі 1936 жылғы 26 сәуірдегі «УКСР-нан Қазақ АКСР-нің Қарағанды облысына экономикалық қамтамасыз ету» жөніндегі қаулысы жарық көрді [9, 195-196 бб.].

1936 жылы сәуірде Украинаның шекара маңайындағы 45 мыңдай адамды Қазақстанға жер аудару турасында шешім қабылданды. 35,739 поляк ұлт өкілдері (99,8 %-і) қазақ жеріне жіберіліп, Солтүстік өңірлерге орналастырылды [10].

Бұдан кейінгі жылдары да Батыстағы шекара маңындағы мазасыз жағдайларға байланысты поляктарды Кеңестер Одағының территориясына орналастыру жалғастырылды. 1939 жылы желтоқсанда Кеңес өкіметі «УКСР мен БКСР-дің батыс облыстарынан арнайы жер аударылғанды еңбекпен орналастыру жөніндегі ережені» бекітті. Осы бұйрық бойынша ішкі істердің халкомы Л. Берия көшіріліп әкелінетін 55 теміржол вагонын бөлдіртті.

Жер аударылғандарға («Осадниктерге») бірінші ретте бұрынғы поляк офицерлері, Польша территориясында полиция шенінде және әкімшілік саласында қызмет еткендер жатты.

1939 жылы Гитлерлік Германияның Батысқа ашқан соғысы, Польшаны жаулап алуы поляктардың мыңдаған тұрғындары мен әскери офицерлерін,

солдаттарын Кеңестер Одағына қашуға мәжбүр болды. Шекара асып келгендерді шекара маңынан бөлектеп ұстау, КСРО-ның ішкі республикаларына қарай орналастыру және бақылауға алу арнайы қаулылардың негізіне сүйене жүргізілді. А. Волковтың жазғанына сүйенсек, Қазақстанға 190 мың поляктар көшіріліп әкелінген екен [10].

Бұдан кейінгі жылдары да Украина мен Белоруссияның шекара аймағындағы поляктарды көшіру қолға алынған. 1940 жылдың 18 қазанындағы КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің қаулысымен осы екі республикадан Қазақстанға 6681 поляктар көшіріліп әкелінген екен [11, 23 п.].

Жалпы Украина шекара маңынан поляктармен қоса немістерді де көшіру үдерісі қолға алынды. КСРО-да күштеп көшіруге дейін 85 мыңдай немістер мекендеген [8, 18 б.].

Қиыр Шығыстағы шекара маңынан кәрістерді көшіру 1935 жылдан басталды. 1937 жылдан бастап Қазақстан мен Орта Азия елдеріне корейлерді Қиыр Шығыстан күштеп көшірілді. Негізінде Амурь өңірінде 200 мыңдай корейлер өмір сүріп жатқан еді. Қазақ жеріне корейлердің 95421 жаны бар 20141 отбасы әкелінген екен. Олардың басымы Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды облыстарына орналастырылған [8,23б.]. Негізінде жоспар бойынша қазақ жеріне 14600 корей шаруашылығы көшіп келуге тиіс болған [12, 217 п.]. Дегенмен көшіріліп әкелінген корейлердің саны жоспардан асып кетті. Тарихшы Т. Омарбековтың жазуынша, 1938 жылдың ақпанына дейін Қазақстанға 20.789 корейлер жанұясы, яғни 98 454 адам жер аударылып әкелінген екен [13, 303 б.].

Академик М. Қозыбаев саяси жер аударылғандар туралы былай деп жазады: «1936 жылдың көктемінде Украинадан саяси бағы ашылмаған поляктар жер аударылып келді. Ал, келесі жылы Әзербайжан мен Армениядан курдттар, Қиыр Шығыстан 95 мың корейлер келіп орнықты» [14, 220 б.].

Жалпы 1939 жылғы халық санағына сүйенсек, республикада қазақтарды қоспағанда (2314 мың) өзге ұлт өкілдерінен орыстар – 2449 мың, украиндар – 657 мың, немістер – 93 мың, татарлар – 107 мың, өзбектер – 103 мың, белорустар – 31 мың, ұйғырлар – 35 мың, корейлер – 96 мың, әзербайжандар – 12 мың, басқа ұсақ ұлттар – 197 мың болған [15, 192 б.]. Санақ есебімен салыстырсақ жоғарыдағы екі ғалымның да жазғанынан сәл ғана айырмашылықты байқауға болады. Орналастыру жағына келсек, корейлердің басымы Қызылорда облысына қоныстандырылған. Бұл жайында архив деректері мен ғалымдардың еңбектерінен байқауымызға болады. Георгий Кан бұл жайында былай деп жазады: «Основным местом выгрузки и временного расселения корейцев в Казахстане стала Южно-Казахстанская область, та ее часть, которая ныне является Кызылординской областью (по административно-территориальному делению того времени она входила в состав Южно-Казахстанской области)» [16, 115 б.].

Қазақстанға жер аударылып әкелінген корейлер қоныстандырудың екі кезеңінен өтті. Оның бірі – 1937 жылдың күзінен 1938 жылдың көктеміне дейінгі аралық. Екіншісі – 1938 жылдың көктемінен 1939 жыл бойы.

Бірінші кезеңдегі жағдай өте ауыр жүргізілді. Кеңес өкіметі жер аударылғандарды орналастыруға дайын емес еді. Сондықтан сарайларға, қораларға, жертөлелерге, қираған мешіттерге, бұрынғы түрмелерге орналастыруға мәжбүр болды. Бұл жерлер адам тұруға лайықты емес еді. Терезелері жоқ немесе сынған, іші суық, от жағатын пештер салынбаған жерлерге орналастырылған корейлерге тамақ табудың өзі бір ғанибет болды.

1937-1938 жылдардағы КСРО-дағы жаппай қуғындау нәтижесінде халық санының азайғанын аңғару қиын емес. Бұл нәубет жер аударылып келген өзге ұлт өкілдеріне де әсер етпей қоймады.

ПХК-ның МҚББ-на директивтік хаттардында жазғандай 1937 жылғы 14 ақпанда «Неміс троцкистерінің террорлық, диверсиялық және шпиондық қызметі туралы» және 2 сәуірдегі «КСРО Одағы аумағында фашистік партияның германдық барлау органдары мен арнайы мекемелерінің өсіп келе жатқан белсенділігі туралы» қаулылар сол кездердегі жағдайларға байланысты бірден жүзеге асқан жоқ. Тек Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінде қолға алынды.

Немістерді этникалық тазартудың негізі 1937 жылғы 25 шілдедегі КСРО НКВД-ның бұйрығы болды. Германияның пайдасына тыңшылық жасады және ұлтшыл фашистік ұйымға қатысты деген айыппен неміс ұлтының 265 адамы қамауға алынды. Бұл Шығыс Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшырағандардың жалпы санының 3,01%-ын құрайды [17, 239 б.].

Немістердің арасындағы Кеңес үкіметіне деген наразылығы 30-жылдардың басында орын алған. 1934 жылғы шілдедегі БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жіберілген «Немістер туралы» қызметтік жазбада 1929 жылдан Қазақстан территориясына неміс эмигранттарының жаппай қозғалысының басталғаны айтылады. 1933 жылдан Германиядағы фашистердің билігіне келуіне байланысты контрреволюциялық неміс астыртын қызметінің кеңеске қарсы жаңа толқыны байқалады. Қазақстандағы кеңестік жүйеге қарсылық барысы Новосібір қаласындағы Германия консулдығы арқылы жүзеге асырылып отырылған. Немістердің баптистік «Брокгауз» қоғамына Шығыс Қазақстан облысының Цюрупин ауданының Заборовка поселкесінен колхозшы Екатерина Унру «Біз киімсізбіз, жалаңаяқ күн сайын жұмыс істеуге мәжбүрміз. Менің сізге өтініш айтудан басқа шығу жолын білмеймін. Барлық есіктерді қағудамын. Маған мұның бәрін сипаттап айту қиын, не боларын да білмеймін, Сізден көмек сұраймын» деген мазмұндағы хат жолдаған. Алайда, осы жазбада колхозшының колхозға мүше болып, сиыры барлығы, 200 еңбек күнінен де көп табыс тапқандығын, жеткілікті мөлшерде нан алғандығы келтірілді. Осындай мазмұндағы хаттар Қазақстанның басқа неміс поселкелерінен де барған [18, 14-15 п.].

XX ғасырдың басында Ақмола, Семей, Павлодар, Омск, Барнауыл аймақтарында неміс қоныстары көбейе түсті. Олар теміржол бойындағы шаруашылыққа қолайлы жерлерді сатып алды. Қоныстанушылар арасында зергерлер, шеберлер, қолөнершілер көп еді. Ал олар шығарған тауарлар жергілікті өнімдерден арзан әрі сапалы болды. Алайда немістерге қазақ жерінің топырағы мен қытымыр ауа райы ұнамаған. Ресейдің ішкері аймақтарындағы суармалы, шұрайлы жерге үйренген олар, алғашқы жылдары өнімнің төмен

болғандығын айтып, кері қайтуға сұранған. 1930 жылдың 25 ақпанында өткен Казрайком бюросының жабық отырысы хаттамасының көшірмесінде барлық облыстарда атқарылып жатқан шараларға қанағаттанарлық емес деген теріс баға берілген. Семей, Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Петропавл және Орал облыстарында неміс елді мекендеріндегі шаруашылық және мәдени іс-шаралардың баяу жүргізілуіне, эмиграциялық үрдісті түбегейлі тоқтатуға мән берілмегендігіне орай, ескертулер жасалған. Ескерту жасай отырып, ОК облыстардың жоспарлы шараларына бірқатар түзетулер енгізеді. Олар наурыз-сәуір айларында қайта сайлаулар өткізу, іс қағаздарын неміс тіліне көшіру, шұғыл түрде жеті жылдық неміс мектептерін ашу сияқты тапсырмалар еді. Бұл бұйрықтар дереу іске асырылып, есеп берілу керектігі ескертілген.

Міне, осындай большевиктік идеологияға қарсылық барысы, одан кейінгі жылдары да орын алғандығы сонша, 1935 жылдың 5 қаңтарында Ішкі Істер Халық комиссары Г.Г. Ягоданың қол қоюымен Ішкі Істер Халық комиссариаты Басқармаларына арналған Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының циркулярын шығарып, онда еңбек мигранттарының құқықтарын қалпына келтірудің жаңа тәртібі айтылды. Осы циркуляр бойынша шаруашылық жағынан орналастырылмаған еңбек мигранттарының құқықтарын жаппай қалпына келтірілуі оларды жіберілген қонысынан кетулеріне жол берілгенді хабарланды. Осындай жағдайдың алдағы уақыттарда қайталанбасы үшін, ГУЛАГ ПХК-ның санкциясынсыз құқықтарды жаппай қалпына келтіруге жол бермеу, өз жұмысы бойынша қоныстанған жерлерге қана құқықтарын қалпына келтіру, олардың арасында жаппай насихат жұмыстарын өрістету және шаруашылық ұйымдардан көмек көрсету мәселесі қолға алынатын болды. 17 қаңтарда Г. Ягода И.В. Сталинге еңбек құқығы қалпына келтірілген қоныстанушыларды қонысынан шығу құқығынан айыру туралы ұсыныс түсірді [19].

1935 жылдың 19 шілдесіндегі мәліметке сүйенсек, Шығыс Қазақстан облысының құрамына енген 25 аудан мен 2 қаланың 23 ауданында қазақтармен өзге ұлт өкілдері мекендеген [20, 27-28 п.]. 1939 жылғы санақ барысына сүйенсек, халықтың басым бөлігі ауылды жерлерде тұрған. Дегенмен 1926 жылғы санақпен салыстырсақ, 1939 жылы қала халқының санының 3 есеге өскенін байқауға болады. Осылардың ішінде Семей облысында қалада тұтатын халықтың пайызы 40,6% болса, Шығыс Қазақстан облысында 25%-ға жеткен [21, 21 б.].

XX ғасырдың 40 жылдардың соңы мен 50 жылдары Шығыс Қазақстан өңіріне жер аударылып келген этностардың алғашқы жылдары жағдайы ауырлау болды. Әсіресе 1946-1948 жылдары депортацияланғандар қиыншылықтарды бастан кешірді. Келген кездерде орналастырылатын үй-жайлары дайын болмады. Жер аударылғандар көбіне ауылды жерлерде тұрып, сол жерлерге тіркелді. Дегенмен колхозға келіп орналасқандарға ақшалай көмек көрсетті, колхоз қорынан мал бөлді.

1941 жылы 26 тамызда ХКК мен КОКП Орталық Комитетінде қабылданған қаулы бойынша Қазақ КСР-не 100 мың адамды қоныстандыру жоспарланып, олар елдің Солтүстік-Шығысында орналасқан 6 облысқа- Семей, Ақмола,

Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Повладар және Шығыс Қазақстан облыстарына орналасатыны белгілі болған еді [22, 366.].

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған жылы арнайы қоныстанушылар-поляктардың жағдайы біршама өзгерді. Германия елінің КСРО-ға шабуылы, соғыстың алғашқы күндеріндегі сәтсіздіктер Польшамен қарым-қатынасты қайта қарауға мәжбүр етті. 1941 жылдың 30 шілдесінде КСРО аумағында поляк армиясын құру жөніндегі шараларды қарастыратын екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіру туралы келісімге қол қойылды. КСРО мен Польша фашистік Германияға қарсы күресте бір-біріне көмектесуге уәде берді. Келісімге КСРО-ғы Польша азаматтарының жағдайы туралы хаттама ілінді, оған сәйкес КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 12 тамыздағы Польша азаматтарына рақымшылық жасау туралы қаулысы қабылданды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және Бүкілодақтық большевиктер Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысымен сол кездегі Польша азаматтарының КСРО-да тұру ережелері көрсетілген. Босатылып, уақытша куәлік алғаннан кейін, олар Польша елшілігінде тіркеліп содан кейін ғана төлқұжат алып шетелде тұруға рұқсат алды. 61092 адамның ішінді Қазақстанда 51 164 полякқа рақымшылық жасалды. Шығыс Қазақстан облысында 410 поляк қоныстанды, оның 123-і әйелдер, 176-сы ерлер, 111-і балалар еді. Оның ішінде Семей облысы бойынша-7467 поляк, оның 1638-і еркектер, 3189-ы әйелдер, 2640-ы балалар болды [22, 7-12966.]. Шығыс Қазақстан облысына жер аударылған поляк азаматтарының құрамы әр түрлі болды, мысалы олардың арасында еврей, украйын, литвалықтар, белорустар және тағы басқа да ұлт өкілдері болды. Тиісінше бұл адамдар санатына рақымшылық жасалды: еврейлер-8, украйындар-18, белорустар-90, орыстар-10 және 39 өзге ұлт өкілдері еді [24, 49 п.].

Мұрағат құжаттарын алып қарар болсақ көшіп жер ауып келген жанұялардың жағдайы мәз болған жоқ. Үй-жайларының дұрыс болмауы, дұрыс тамақтанбау сияқты мәселелер жиі орын алып отырды. Сол себепті жұқпалы аурулар да жиі байқалды. Үкіметтің көрсетіп жатқан көмек мөлшері бір жағынан аз болса екінші жағынан көшіп келушілердің саны жағынан көп болуы себепті беріліп отырған азық-түлік мөлшері халыққа жетпеді. 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма ауданында 191 неміс қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурудан 116 адам, оның 45 ересектер болса 71-і балалар болды. Осы аймақ бойынша 1944 жылы 25 шешен қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурудан 16 адам, 12 ересек 4-і балалар еді [24, 37 п.].

Солтүстік Кавказ бен Қырымнан Қазақстанға жаппай жер аударылуына байланысты күрделі мәселелер туындағандықтан 1945 жылы 17 қарашадағы және 1946 жылдың 6 тамызындағы КСРО ХКК-нің Қазақстан мен Қырғызстанға жер аударылғандар мен арнайы қоныстандырушыларды жіберілген жерлерге орналастыру және шаруашылыққа жайластыруға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруға қатысты қаулылар қолға алынды. Осы қаулылардан кейін Қазақстан К(б)П ОК-і мен республикалық ХКК-нің шешімімен депортацияланған халықтарды орналастыруда шаруашылықта кездесесіп отырған қиыншылықтарды жоюға кірісті. Алайда әлі де болса, дұрыс

басшылықтың болмауынан арнайы қоныстанып келген өзге ұлт өкілдерінің жағдайы бірден түзеле қоймады. Келушілердің арасында табиғи бейімделе алмаушылық, ауру-сырқаудың тарауы өлім-жітімге алып келді. 1946 жылдың шілдесінде Солтүстік Кавказдан келгендердің арасында 73,7 мың адам қайтыс болған [25, 60 п.].

Арнайы қоныстанушыларды орналастыру барысында ауылшаруашылығына жіберілгендер жұмыс таппағандықтан оларды облыстың ішіндегі өнеркәсіп орындарына жіберу қолға алынды. Негізінде республикадағы теміржол мен басқа да стратегиялық орындарға жұмысшы күші аса қажет болатын-ды. Соғыс болып жатқан кездің өзінде колхоз, совхоздарға орналастырылған қоныстанушы өзге ұлт өкілдерін өндіріске тартқан еді.

Соғыс кезінде қолға түскен әскери тұтқындар ірі өндіріс орындарына, құрылыстарға тартылды. Дегенмен олардың жағдайлары өте ауыр еді. Тұтқындардың асында түрлі жұқпалы аурулардың тарауынан, дұрыс тамақтанбаудан өлім көбейді. Шығыс Қазақстанның Алтай және Лениногор кеніштерінде 181 неміс армиясының тұтқындары қайтыс болған. Мәліметтерге сүйенсек, лагерьлерде еңбек еткен 2 миллион 228 мың тұтқындардың 1 миллион 645-і немістер де, 583-і жапон әскерлері болған.

Жалпы 1948 жылдың тамызына дейін арнайы қоныстанушы этностардың 59%-і колхоздарға, 7,5%-і совхоздарға, ал 33,5%-і өндіріс орындарына, құрылыстарға, мекемелерге жіберілді [26,139п.].

Қоныстанушылардың 1945 жылы 8 қаңтардағы КСРО ХКК-сі мен 1948 жылғы 26 қарашадағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Алқасының Жарлығымен арнайы қоныс қиыншылыққа байланысты жіберген жеріне тұрақтамай қашуына байланысты аударушылардың ұтқырлығы ғана емес, сонымен бірге контингентті көшіру бойынша ішкі істер министрлігінің санкциясымен әрекет еткен аймақтық билік пен шаруашылық органдарының мүмкіндіктері де айтарлықтай шектелді. 1945 жылғы Ережеге сәйкес арнайы қоныс аударушылар үкіметтің рұқсатынсыз басқа территорияға кетуге қатаң тиым салынды [27, 91п.].

Шығыс Қазақстан өңіріне жіберілген арнайы қоныстанушылар шекара маңайына орналастырылмады. Оның үстіне ірі өндіріс орындары үлкен қалаларда болатын. Түріксіб теміржолы Шығыс Қазақстан өңіріне басып өткендіктен жер ауадырылғандарды жұмыс күшіне тарту үдерісі қалыпты болды.

Шығыс Қазақстан өңірінде ірі өндіріс орындарына немістер жіберілген. Семей облысында 46% жер аударылып келгендер қалаларда, аудан орталықтары мен темір жол бойларына орналасып, жұмыс істеген [28,117п.].

Қалаларда, теміржол бойында шешен, ингуш, балқар ұлт өкілдерінің топталуынан тек «шешен қалалар» сияқты елді-мекендердің көбеюіне алып келді. Осыған орай Мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігі арнайы қоныстанушыларды жіберген жерінен басқа облыстарға ішкерілей, өзге ұлт өкілдерімен араластыра орналастырумәселесін көтерді. Оның үстіне 1952 жылы 10 наурыздағы Г.М. Мальенковтың үкімет басшысына жазған баяндамалық жазбасында Қазақстанда соңғы кездерде облыстық қалаларда, аудан орталықтары мен теміржол станцияларында шешен, ингуш ұлттарының топтасып орналасуына жол беріліп отырғандығы, оның өзге де контингенттерге

әсер ететіндігі, жер аудару тәртібінің бұзылып, еңбек етуден қашу сияқты фактілердің жиі орын алатындығы айтылды. Осыған орай, қоныстанушыларды қала, аудан, темір жол бойынан алысырақ совхоздар мен колхоздарға бөліп орналастыру мәселесін көтерді [29,128б.].

Бұл жағдайға орай 1952 жылдың 1 сәуірінде Қазақстан коммунист партиясының бюросы арнай комиссия құрып, қоныстанушыларды араластыра орналастыру мәселесін тексеріп, қолға алуға кірісті. Екі аптадан кейін қорытындылары жарияланып, арнайы контингенттерді жұмыс күші қажет ететін нысандарға жіберуді көздеді [30,172б.].

50-жылдары Министрлер Кеңесі «арнайы қоныстанушыларды қала, аудандық орталық және терміржолдар станциясынан қашыққа орналастыру» туралы жоба даярланған болатын. Осы құжатқа орай, аймақаралық қоныстандыру үдерісін жүргізуге тиісті болған. Семей облысынан 9704 арнайы қоныстанушыларды сол өңірдің басқа мекендеріне орналастыру мәселесі жүзеге асырыла бастады. Барлық облыстарға қарағанда тек Шығыс Қазақстан облысы ғана қоныстанушыларды басқа жерлерге орналастырмау жөнінде шешім қабылдаған [31,1-9б.].

Нәтижелер

1930–1945 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан өңіріндегі этнодемографиялық процестер кеңестік билік жүргізген күштеу саясатының, соғыс жылдарындағы көші-қон қозғалыстары мен әкімшілік-территориялық қайта құрулардың тікелей салдары ретінде қалыптасты.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Ұжымдастыру мен ашаршылық кезеңінде (1931–1933 жж.) қазақ халқы қатты демографиялық шығынға ұшырады. Аймақтағы ауыл халқының едәуір бөлігі аштық пен босқындық салдарынан қаза тапты немесе басқа өңірлерге көшіп кетті.

2. Саяси қуғын-сүргіндер (1937–1938 жж.) халықтың әлеуметтік құрылымына кері әсер етті. Білімді зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері жаппай қуғындалды, бұл этнодемографиялық тепе-теңдікті бұзды.

3. Күштеп қоныстандырылған этностардың (корейлер, немістер, шешендер, ингуштар, қалмақтар және т.б.) Шығыс Қазақстанға жаппай көшірілуі нәтижесінде өңірдің этникалық құрамы күрт өзгеріп, этникалық әртүрлілік артты.

4. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде өңір халқының бір бөлігі майданға кетіп, қайтып оралмады. Сонымен қатар, әскери өнеркәсіпке жұмыс істеу үшін басқа облыстардан келген жұмыс күшінің есебінен көші-қон үдерісі күшейді.

5. Аймақтың этнодемографиялық құрылымы 1940 жылдардың ортасына қарай көпэтносты сипат алып, қазақ халқы өз тарихи отанында сандық жағынан азшылыққа айналды.

Жалпы алғанда, бұл кезеңдегі этнодемографиялық процестер Шығыс Қазақстандағы этникалық қатынастар мен әлеуметтік-мәдени дамуға

ұзақмерзімді әсерін тигізді. Зерттеу нәтижелері өңірдің тарихи-демографиялық ерекшеліктерін түсінуге және болашақ зерттеулерге негіз болады.

Қортындылай келе 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін Шығыс Қазақстан өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына ерекше әсер етті. Жаппай қуғындалу барысынан жергілікті халықтың саны азайды. Алайда халық санының өсімі өзге ұлт өкілдерін департациялап әкелумен толықтырылды. Сөйтіп, өзге этностарды қазақ жеріне әкеліп орналастырудың нәтижесінде ұлттық құрам өзгеріске ұшырады. Байқағанымыздай жер аударылған арнайы қоныстанушылардың әлеуметтік тұрғыдан көзқарастары екі жақты болды. Үкімет сол кезде негізінен шешен, неміс, ингуш және кәріс ұлттарының жаңадан келген эмигранттарының өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдады, бірақ көп жағдайда нәтиже бермеді. Бұл мигранттардың наразылығын тудырды, олардың әлеуметтік даму деңгейі тұрақсыз болды. Қазақ жеріне көп мөлшерде ұлттардың келуі экономика саласына да ауыр соққы еді. Бірақ елімізге келген әр ұлт өкілдерін кең пейілді еліміз құшақ жая қарсы алып өз қамқорлықтарына алып, көмектерін аямады. Соның арқасында өсіп-өніп, қазірге дейін сіңісіп кетуі әрине ұлтымыздың дархандығы, қонақжайлылығы деп толық айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Саркенова К.А. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 220 б.
2. Материалы к серии «Народы Советского Союза. Ч. 4. – М., 1990. – с.681.
3. Жангуттин Б.О.,Калыбекова М.Ч. Спецпереселенцы Казахстана: трудовые армии, рабочие колонны, батальоны: 1941-1945 гг. – Алматы, 2013.
4. Жанбосинова А. «Прошу снять с меня незаслуженное клеймо 58-й статьи»: эго-документы в истории политического террора в Казахстане. – Семей: «Интеллект», 2020. – 580 с.
5. Немцы Казахстана и Сибири: история и современные проблемы развития; материалы Международной научно-практической конференции – Омск, Институт наследия, 2017. – 198 с. 73-79-бб.
6. Степаненко Н.В. Формирование польской диаспоры в Казахстане. Издание второе исправленное и дополненное. – Костанай: «Костанайский печатный двор», 2020. – 241 с.
7. Мамырбеков А.М. Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихы (XX ғ.) / А.М. Мамырбеков. – Семей, 2015. – 192 б.
8. Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. -126
9. Тәңірбергенқызы Л. Қазақ жеріндегі поляктардың тарихи тағдыры // Жұлдыз. –1997. – №2.
10. Волков А. Қазақстандағы поляктар // NOMAD – KAZAKHSTAN. – 2006. – №2 (8).

11. ҚР ОМА (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві) 1987-қ., 1-т., 13-іс. 23-п.
12. ҚР ОМА. 1208-қ., 1-т., 47-іс. 217-п.
13. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.
14. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.
15. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991.
16. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-«Қазақстан», 1998. – 428
17. Материалы международной научно-практической конференции «Знать, чтобы не забыть: тоталитарная власть и народ в 20-50-х годов XX века». 30-31 мая 2014 года. – Усть-Каменогорск: «Медиа-Альянс», 2014. - 577
18. ҚР ПА (Қазақстан Республикасы Президентінің архиві) 141-қ., 1-т., 6662-іс. 14-15-пп.
19. Из истории депортаций. Казахстан 1930-1935 гг. Сборник документов. – Алматы: LEM, 2012. – 772 с.
20. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 8302-іс. 27-28-пп.
21. Асылбеков М.Х., Асылбекова Ж.М. Основные итоги Всесоюзного переписи населения 1939 года по Казахстану /Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5 т. – Алматы: Арысб 2009. – Т. 1. – 400 с.
22. Т.Әпендиев Қазақстандағы XIX ғасырдың соңы мен ХХІ ғ. бас кезіндегі неміс диаспорасы А.2017 ж.
23. Дегитаева Л.Д. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.) Алматы, 2000 г.
24. 24. ШҚО МА (Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві) Қор.462, Т. 1. Іс.21. 49-п
25. ШҚО МА Қор.1 П, Т..1. Іс.4996.
26. ҚР ПА. 708-қ., 10-т. 242-іс. 60-п.
27. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 53, 120, 139-пп.
28. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 91-п.
29. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 117-п.
30. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 22-іс. 127-128-пп.
31. ҚР ПА. 708-қ., 1/1-т. 15-іс. 172-п.
32. ҚР ПА. 708-қ., 16/2-т. 55-іс. 1,9-пп.

Танакоз У. Джакипова, Майра С. Ибраимова

Семейский медицинский университет (Семей, Казахстан)

Шакаримский университет (Семей, Казахстан)

**Депортация и миграционные процессы и их влияние на
этнодемографический состав Восточного Казахстана (1930–1950 гг.)**

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются этнодемографические процессы, происходившие в Восточном Казахстане в 1930–1950-е годы. Жёсткие социально-политические реформы советской тоталитарной системы, коллективизация, голод, репрессии, а также миграционные перемещения военных лет внесли значительные изменения в этнический состав региона, численность населения и его социальную структуру. В указанный период представители других этносов (корейцы, немцы, чеченцы, ингуши, поляки и др.) были насильственно депортированы в Восточный Казахстан, что негативно сказалось на демографической ситуации среди местного казахского населения. Наряду с этим внутренняя миграция, вызванная индустриализацией и войной, также изменила этническую карту региона. На основе архивных материалов и научной литературы анализируются причины и последствия данных этнодемографических изменений, а также их региональные особенности. В статье приводятся исследования демографов, таких как А.Н. Алексеенко, Т. Омарбеков, М. Козыбаев. Рассмотрен состав переселённых народов и этнических групп. 1940–1950-е годы оцениваются как один из наиболее сложных и противоречивых периодов в истории современного Казахстана, требующий комплексного и объективного анализа. Недостаточная изученность, сложность и актуальность темы особенно значимы для понимания исторического развития Восточного Казахстана.

Ключевые слова: политика; организация; нация; граница; население; область; этнос; депортация; эвакуация; миграция.

Tanakoz U. Dzhakipova, Mayra S. Ibraemova

Semey Medical University (Semey, Kazakhstan)

Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

Deportation and Migration Processes and Their Impact on the Ethno-Demographic Composition of East Kazakhstan (1930–1950)

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the ethno-demographic processes that took place in East Kazakhstan during the 1930s–1950s. The strict socio-political reforms of the Soviet totalitarian system, collectivization, famine, repression, and wartime migration significantly altered the region's ethnic composition, population size, and social structure. During this period, representatives of other ethnic groups (such as Koreans, Germans, Chechens, Ingush, Poles, and others) were forcibly deported to East Kazakhstan, which negatively affected the demographic situation of the local Kazakh population. In addition, internal migration caused by industrialization and the war reshaped the region's ethnic map. Based on archival sources and scholarly literature, the article analyzes the causes and consequences of these ethno-demographic changes, as well as their regional characteristics. The research also draws upon the works of demographers such as A.N. Alekseenko, T. Omarbekov, and M. Kozybayev. The composition of resettled peoples and ethnic groups is examined in detail. The 1940s–1950s are assessed as one of the most complex and contradictory periods in modern Kazakhstan's history, requiring strict scientific evaluation of both its positive and negative aspects. The limited study, complexity, and importance of the topic make it particularly relevant for understanding the historical development of East Kazakhstan.

Keywords: policy; organization; nation; border; population; region; ethnos; deportation; evacuation; migration.

Reference:

1. Sarkenova K.A. 1920-1930 zhyldardaqty Qazaqstan halqy. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 220 b.

2. Materialy k serii «Narody Sovetskogo Soyuza. Ch. 4. – M., 1990. – s.681.
3. Zhanguttin B.O.,Kalybekova M.Ch. Specpereselency Kazahstana: trudovye armii, rabochie kolonny, batal'ony: 1941-1945 gg. – Almaty, 2013.
4. Zhanbosinova A. «Proshu snyat' s menya nezasluzhennoe klejmo 58-j stat'i»: ego-dokumenty v istorii politicheskogo terrora v Kazahstane. – Semej: «Intellect», 2020. – 580 s.
5. Nemcy Kazahstana i Sibiri: istoriya i sovremennye problemy razvitiya; materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii – Omsk, Institut naslediya, 2017. – 198 s. 73-79-bb.
6. Stepanenko N.V. Formirovanie pol'skoj diaspory v Kazahstane. Izdanie vtoroe ispravlennoe i dopolnennoe. – Kostanaj: «Kostanajskij pechatnyj dvor», 2020. – 241 s.
7. Mamyrbekov A.M. Shyqys Qazaqstandaqy nemis zhane polyak diasporalarynyn tarihy (XX g.) / A.M. Mamyrbekov. – Semej, 2015. – 192 b.
8. Alekseenko A.N. Naselenie Kazahstana. 1920-1990 gg. – Almaty: Gylym, 1993. -126
9. Tanirbergenqyzy L. Qazaq zherindegi polyaktardyn tarihi taqdyry // Zhuldyz. –1997. – №2.
10. Volkov A. Qazaqstandaqy polyaktar // NOMAD – KAZAKHSTAN. –2006. – №2 (8).
11. QR OMA (Qazaqstan Respublikasy Ortalyq Memlekettik arhivi) 1987-к., 1-t., 13-is. 23-p.
12. QR OMA. 1208-q., 1-t, 47-is. 217-p.
13. Omarbekov T. Qazaqstan tarihnyn XX ғасырдағы озекти маселеleri. Komekshi oqu quraly. – Almaty: «Oner», 2003. – 552 b.
14. Qozybaev M.Қ. Tarih zerdesi (Zamana asuy). 1-kitap. – Almaty: Gylym, 1998. – 344 b.
15. Asylbekov M.H., Galiev A.B. Social'no-demograficheskie processy v Kazahstane (1917-1980). – Alma-Ata: Gylym, 1991.
16. Deportirovannye v Kazahstan narody: vremya i sud'by. – Almaty: «Arys»-«Qazaqstan», 1998. – 428
17. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Znat', chtoby ne zabyt': totalitarnaya vlast' i narod v 20-50-h godov HH veka». 30-31 maya 2014 goda. – Ust'-Kamenogorsk: «Media-Al'yans», 2014. - 577
18. QR PA (Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin arhivi) 141-к., 1-t., 6662-is. 14-15-pp.
19. Iz istorii deportacij. Kazahstan 1930-1935 gg. Sbornik dokumentov. – Almaty: LEM, 2012. – 772 s.
20. QR PA. 141-q., 1-t., 8302-is. 27-28-pp.
21. Asylbekov M.H., Asylbekova Zh.M. Osnovnye itogi Vsesoyuznogo perepisi naseleniya 1939 goda po Kazahstanu /Naselenie Kazahstana po Vsesoyuznoj perepisi naseleniya 1939 goda. V 5 t. – Almaty: Arys6 2009. – T. 1. – 400 s.
22. T.Apendiev Qazaqstandaqy XIX qasyrdyn sony men XXI q. bas kezindegi nemis diasporasy A.2017 zh.

23. Degitaeva L.D. Iz istorii polyakov v Kazahstane (1936-1956 gg.) Almaty , 2000 g.
24. ShQO MA (Shygys Qazaqstan oblysynyn memlekettik arhivi) Qor.462, T. 1. Is.21. 49-p
25. ShQO MA Qor.1 P, T..1. Is.4996.
26. QR PA. 708-q., 10-t. 242-is. 60-p.
27. QR PA. 708-q., 1/1-t. 22-is. 53, 120, 139-pp.
28. QR PA. 708-q., 1/1-t. 22-is. 91-p.
29. QR PA. 708-q., 1/1-t. 22-is. 117-p.
30. QR PA. 708-q., 1/1-t. 22-is. 127-128-pp.
31. QR PA. 708-q., 1/1-t. 15-is. 172-p.
32. QR PA. 708-q., 16/2-t. 55-is. 1,9-pp.

Авторлар туралы мәлімет:

Джакипова Танакөз Уалқанқызы - тарих магистрі, КеАҚ «Семей Медицина университеті», оқытушы. Қазақстан Республикасы, Семей қ., Достоевского көшесі 186, 32 пәтер.

Ибраимова Майра Сансызбайқызы - тарих ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Information about authors:

Dzhakipova Tanakoz Ualkanovna - Master of History, Semey Medical University, Republic of Kazakhstan, Semey, Dostoevsky 186, apt. 32.

Mayra Sansyzbayev Ibraemova - Candidate of Historical Sciences, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Джакипова Танакөз Уалқанқызы - магистр истории, НАО «Медицинский университет Семей». Республика Казахстан, г. Семей, Достоевского 186, кв. 32.

Ибраимова Майра Сансызбаевна - кандидат исторических наук, университет им. Шакарима, Семей, Казахстан.